



ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАНДАЙ?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР, ДАРА ДРАМАТУРГ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Абай – әлемдік ауқымдағы алып тұлға. Оның шығармалары бүкіл адамзаттың асыл мұрасына айналды. Жер жүзіндегі көптеген қалада хакім Абайдың ескерткіші бар. Ұлы ақын саналы ғұмырын ағарту ісіне арнады. Абай «Талап қыл артық білуге» деп, өнер-білім философиясын кеңінен насихаттады. Ол теңдессіз туындылары арқылы мызғымас құндылықтарды дәріптеді. Жұртты отаншылдыққа, білімпаздыққа, еңбекқорлыққа баулыды. Жақсылық пен парасаттылыққа үндеді. Ашхабадта Абай ескерткішінің ашылуы – бауырластығымызды нығайта түсетін бірегей бастама.

№122
(4710)
Сенбі
12 қазан
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТАЗА ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫСЫ

Астанада көктемде басталған «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы әлі де жалғасып жатыр. Бүгінгі таңда мекемелер мен ұйымдар күз мезгіліне сай ағаш жапырақтарын жинау жұмыстарын жүргізуде. Қала тазалығын сақтауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған экоакцияға балалар мен зейнеткерлер де өзіндік үлес қосып келеді.



ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің ескертуінен кейін елорда әуежайы ақылы тұрақ аймақтарында бағаны көтермейтін болды.

«Астана бойынша бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі департаменті «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ-на бәсекелестікті қорғау саласындағы ҚР заңнамасын бұзуға жол бермеу туралы ескерту жасады» деп хабарлады ведомство. Бұған дейін әуежайдың ресми Instagram-парақшасында ақылы тұрақ аймақтарында тарифтердің көтерілетіні туралы ақпарат жарияланған болатын.



Астанадан қала маңына қатынайтын автобустар саны артады. Бұл туралы «City Transportation Systems» ЖШС баспасөз қызметі мәлім етті.

«14 қазаннан бастап №304 және №322 қала маңы бағдарларының жұмыс күндері жүретін автобустар саны артады. Бағдарларға тағы 1 автобустан қосылып, №304 бағдарда 6 автобус, №322 бағдарда 7 автобус жүретін болады» делінген хабарламада. Осыған сәйкес, бағдарлардың жұмыс күндегі жүру кестесі өзгереді. Кестені CTS Instagram парақшасындағы актуалды сторизтен көруге болады.

ELORDA INFO

12-13 ҚАЗАН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Павлодар, Батыс Қазақстан және Жетісу облыстары


Қарқаралы тасжолы, 1

ASTANA CITY МАРАФОНЫ ӨТЕДІ

Ертең, 13 қазан күні елордада дәстүрлі Astana City Marathon жарысы ұйымдастырылады.

Биылғы марафонға әлемнің 15-тен астам елінен 2 мың спортшы қатысады. Жарыс ЕХРО алаңынан басталып, қаланың көрікті жерлері – Бас республикалық мешіт, Президент саябағы, Есіл өзенінің жағалауы, «Бәйтерек» монументі, «Абу-Даби Плаза» және Ботаникалық бақ арқылы өтеді.

Жүгіру кезінде бірқатар жолдардағы қозғалыс ішінара жабылады, ал сағат 13.00-ге қарай толығымен қайта ашылады.



«Қазгидромет» демалыс күндері республиканың басым аумағында қар аралас жаңбыр жауатынын болжайды.

Синоптикер мәліметінше, бүгін Астанада түске дейін қара аралас жаңбыр жауып, ауа температурасы -1 градусқа дейін суытады. Көктайғақ болуы да ескеріледі. Ал түнде -4 -5 градусқа дейін суық болатыны болжанады.



БАУЫРЛАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түрікменстанға ресми сапары Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесуден басталды. Мемлекет басшысы қонақжайлық танытқаны үшін Халк Маслахатының төрағасына ризашылық білдірді. Сондай-ақ Гурбангулы Бердімұхамедовтің Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға зор үлес қосқанын атап өтті. Президент қазақ-түрікмен ынтымақтастығы достық, тату көршілік және өзара қолдау рухында қарқынды дамып келе жатқанына ерекше назар аударып, Түрікменстанға ресми сапарының мақсаты екі елдің стратегиялық серіктестігін жаңа деңгейге шығару екенін айтты.

«Сіздің еліңізбен ынтымақтастықты дамыту мәселесіне зор жауапкершілікпен қараймыз. Біз – стратегиялық серіктес елдерміз. Жаңа Бірлескен үкіметаралық комиссияның жұмысы туралы айтып өттіңіз. Мен де оның қызметін бақылап, Үкіметке бағыт-бағдар беріп, қандай шешім қабылдау керек екенін нұсқап отырамын. Өйткені біз үшін Түрікменстанмен достық байланыс басты басымдықтардың бірі саналады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Гурбангулы Бердімұхамедов Қазақстан Президентіне ілтипат білдіріп, оның Түрікменстанға ресми сапары аясында қол жеткізілетін уағдаластықтар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті тереңдетуге ықпал ететініне сенім білдірді.

ХӘКІМ АБАЙ – АШХАБАД ТӨРІНДЕ

Қазақстан Президенті мен Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Ашхабад төрінде ұлтымыздың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты.

Ең алдымен, Қасым-Жомарт Тоқаев Гурбангулы Бердімұхамедов пен түрікмен халқына Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдық мерейтойына орай арнайы шығарылған медальмен марапаттағаны үшін алғыс айтты. Сонымен қатар мұны екі ел арасындағы өзара сый-құрмет

Осы аптаның айтулы оқиғасының бірі – 10 қазанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстанға ресми сапармен барды. Бұл туралы Ақорданың ресми сайты хабарлады. Ашхабад әуежайында Қазақстан Президентін түрікмен халқының көшбасшысы Гурбангулы Бердімұхамедов қарсы алды. Сапар аясында екі ел басшылары – Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедов шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

пен достықтың белгісі ретінде қабылдайтынын жеткізді.

Мемлекет басшысы салтанатты жиында сөйлеген сөзінде бұл ескерткіштің ашылуын түрікмен бауырлардың қазақ халқына айрықша құрметінің көрінісі деп санайтынын атап өтті. «Абай – әлемдік ауқымдағы алып тұлға. Оның шығармалары бүкіл адамзат-

мен қарайтынын жеткізді.

Өз кезегінде Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы бауырлас халықтардың тарихи және мәдени өмірінде жарқын із қалдырған белгілі тұлғалар, ойшылдар мен ақындар мұрасын сақтаудың және оны болашақ ұрпаққа жеткізудің мәні зор екеніне тоқталды. «Бүгін біз астанамыз Ашхабадтың та-



сты ескерткішіне тағзым ету арқылы екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықтың берік екенін көрсетті.

ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Шағын құрамдағы келіссөзге дейін «Оғызхан» сарайында

лық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне өте елеулі үлес қосып келеді. Бұл ретте біз, ең алдымен, БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдар аясында тығыз қарым-қатынас жасауға дайынбыз» деді Президент.

Өз кезегінде Сердар Бердімұхамедов Түрікменстанның бауырлас Қазақстанмен стратегиялық серіктестікті жан-жақты өркендетуге бейіл екенін растады. «Біз Түрікменстанның сыртқы саясаттағы бейтарап бағдарына, сондай-ақ БҰҰ және өзге де жаһандық құрылымдар аясындағы халықаралық бастамаларды қолдау білдіргені үшін Қазақстанға ризашылығымызды білдіреміз. Ал Түрікменстан Республикасының сыртқы саясаттағы ұстанымын құптағандықтан, сондай-ақ біз елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуына айрықша мән береміз. Энергетика, көлік, сауда-саттық, ауыл шаруашылығы, жоғары технологиялар секілді маңызды бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс істеуге ниеттіміз. Екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстардың да маңызы зор» деді Түрікменстан Президенті.

Кездесуде тараптар Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға бейіл екенін жеткізді.

КӨПЖАҚТЫ СЕРІКТЕСТІКТІ НЫҒАЙТАТЫН КЕЛІСІМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл сапарын ортақ мақсатқа қол жеткізу, яғни сан қырлы мемлекетаралық байланысты мүлдем жаңа деңгейге көтеру жолындағы маңызды қадам деп атады. «Қазақстан мен Түрікменстан ғасырлар бойы жалғасқан достыққа, тату көршілік қарым-қатынасқа және ортақ мәдени, тарихи құндылықтарға арқа сүйей отырып, бауырлас мемлекеттер ретінде берік әрі үйлесімді байланыс құра білді. Біздің осынау ынтымақтастығымыз стратегиялық серіктестік бағытында дамып келеді» деді Президент.

Қазақстан Президенті мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастардың дәйекті түрде дамып келе жатқанын, сондай-ақ жоғары білім саласындағы ынтымақтастықтың келешегі кемел екенін жеткізді. Мемлекет басшысы орайлы сәтті пайдаланып, туысқан түрікмен халқын әйгілі ақын Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Ал Сердар Бердімұхамедов Қазақстан Президентінің Түрікменстанға сапары кеңейту ықпалдастықты кеңейту тұрғысынан маңызды деп санайды. «Қазақстан Президентінің ресми сапары елдеріміз арасындағы тату көршілік пен тығыз әріптестік байланыстарды одан әрі нығайтуға, серіктес салалардағы өзара ықпалдастықты кеңейтуге, перспективті бағыттарды дамытуға оң әсер етеді. Қазақ-түрікмен қарым-қатынасы ғасырлар қойнауынан тамыр тартады. Осы уақыт ішінде шынайы бауырластық байланыс қалыптасты. Қос мемлекет пен халықтарымызды географиялық орналасуы ғана емес, біртұтас тарихи тағдырластықты сезінуі мен бір-біріне қажет екенін түсінуі біріктіреді. Біз ортақ құндылықтарымызды қастерлейміз, бабалардан мұраға қалған дәстүрімізді құрметтейміз әрі мұқият сақтаймыз» деді Сердар Бердімұхамедов.

Кездесу барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қазіргі ахуалы мен болашағы талқыланды. Газ саласындағы бірлескен бастамаларды жүзеге асыру, өзара сауда мен екі елдің аумағы арқылы тасымалданатын жүк көлемін жүйелі түрде арттыру, сондай-ақ өңіраралық ықпалдастықты жандандыру мәселелеріне айрықша мән берілді. Келіссөздерден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедов Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы достықты нығайту және көпжақты стратегиялық серіктестікті тереңдету туралы декларацияны қабылдады. Сонымен қатар екі елдің делегация мүшелері үкіметаралық, ведомстволық және өңіраралық деңгейдегі мынадай бірқатар құжаттарға қол қойды.



тың асыл мұрасына айналды. Жер жүзіндегі көптеген қалада хакім Абайдың ескерткіші бар. Ұлы ақын саналы ғұмырын ағарту ісіне арнады. Абай «Талап қыл артық білуге» деп, өнер-білім философиясын кеңінен насихаттады. Ол теңдессіз туындылары арқылы мызғымас құндылықтарды дәріптеді. Жұртты отаншылдыққа, білімпаздыққа, еңбекқорлыққа баулады. Жақсылық пен парасаттылыққа үндеді. Ашхабадта Абай ескерткішінің ашылуы – бауырластығымызды нығайта түсетін бірегей бастама» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент биыл Астанада түрікмен халқының ұлы ойшылы Мақтымқұлы Пырағының ескерткіші ашылғанын еске салып, қазақ елі түркі жұртына ортақ тұлғаның шығармашылығына зор құр-

маша мүйісінде орналасқан ғажап саябақта бауырлас қазақ халқының ұлы ақыны, көрнекті мәдениет және өнер қайраткері Абай Құнанбайұлының ескерткішін ашу рәсімінде бас қосып отырмыз. Баршаңызды осы салтанатты сәтпен шын жүректен құттықтаймын! Түрікмен және қазақ халықтары әлемнің мәдени-рухани қазынасына үлкен үлес қосты. Соған сәйкес, бұл мәдени мұраны тыңғылықты зерттеу, оны кеңінен насихаттау және осы саладағы халықаралық әріптестікті дамыту аса маңызды міндет болып саналады» деді Гурбангулы Бердімұхамедов.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ашхабадқа ресми сапары аясында Түрікменстанның Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қойды. Мемлекет басшысы түрікмен елінің ба-

Қазақстан Президентін қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас екі ел арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты нығайтуда мұндай жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулердің маңызы зор екенін атап өтті.

«Түрікменстан – біз үшін туысқан ел әрі стратегиялық серіктес. Қазақстан – сіздің еліңізбен энергетика, көлік, логистика және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастыққа қатысты барлық мәселе бойынша сенімді одақтас. Мұның алдағы уақытта да осы бағытта жалғаса беретінін атап өткім келеді. Әлбетте, біз Түрікменстанның халықаралық аренадағы бейтарап статусына құрметпен қараймыз. Сіздің еліңіз өңірлік және халықара-

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстанға ресми сапары аясында түрікмен аяқын Мақтымқұлы Пырағының туғанына 300 жыл толуына орай өткен «Дәуірлер мен өркениеттер байланысы – бейбітшілік пен дамудың негізі» атты халықаралық форумға қатысты.

Президент өз сөзінде Мақтымқұлының күллі шығыс жұртына ортақ ұлы ойшыл, түрікмен классикалық әдебиетінің негізін қалаған бірегей тұлға екенін атап өтті.

– Мақтымқұлы Пырағы – әлем руханиятында орны бар тарихи тұлға. Сондықтан ЮНЕСКО ақын мұраларын «Әлем жады» атты халықаралық тізімге енгізген. Ал ТҮРКСОЙ ұйымы осы жылды «Түркі әлемінің ұлы ақыны әрі ойшылы Мақтымқұлы Пырағы жылы» деп жариялады. Бұл – барша түркі жұртының ерекше сый-құрметі екені сөзсіз. Ұйымның шешімі ақын шығармаларын халықаралық деңгейде танытуға септігін тигізеді деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, әлемде геосаяси



БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

ахуал ушығып, түрлі жаһандық сын-қатерлер пайда болып жатқан күрделі кезеңде ұлы ойшылдың рухани мұрасы айрықша өзекті бола түсті.

– Мақтымқұлы поэзиясы терең гуманистік ойларға толы. Ақын өз шығармаларында бейбітшілік, өзара сенім мен құрмет сияқты мызғымас құндылықтарды дәріптейді. Оның әр туындысында Отанға деген шексіз сүйіспеншілік бар. Мақтымқұлы халықты басқа елдермен, яғни күллі әлеммен ынтымақта өмір сүруге шақырды. Мұны жарқын болашақтың кепілі деп түсінді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде Түрікменстан ауқымды әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жүргізіп, қарқынды даму жолына түскеніне назар аударды. Сонымен қатар бұл шаралар сан ғасырлық тарихы бар түрікмен мемлекеттілігін нығайта түсетініне сенім білдірді.

– Келесі жылы Түрікменстан тұрақты бейтараптық саясатының отыз жылдығын атап өтеді. Бауырлас жұрт осы қағидатты берік ұстанып отыр. Ұлттық бірегейлігін сақтап, елдік мүддесін қорғап келеді. Осы табанды саясаты-

ның арқасында Түрікменстанның халықаралық деңгейдегі абырой-беделі арта түсті. Бейтарап Түрікменстан әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға мол үлес қосуда. Сондай-ақ Орталық Азия және Каспий аймағында көпжақты ынтымақтастықты дамытуға ықпал етуде. Біріккен Ұлттар Ұйымы 2025 жылды Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы деп жариялады. Бұл игі бастаманы Түрікменстан елі көтерді. Мақтымқұлы түрікмен жұртының іргелі ел болуын аңсап өтті. Бүгінде ұлы бабаның арманы ақиқатқа айналды. Түрікмен-

стан өсіп-өркендеген мықты мемлекет болып отыр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған мәдени іс-шараларға тоқталып, бұл бастамалар ұлы ойшылдың мұрасын жан-жақты насихаттауға жол ашатынын және мәдени дипломатияны дамыта түсетінін жеткізді. Әсіресе, Астанада бой көтерген Мақтымқұлының ескерткішін екі ел арасындағы мызғымас достық пен тату көршіліктің символы деп бағалады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы кеше Түрікменстанға ресми сапары аясында Ашхабадта қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының ескерткіші салтанатты түрде ашылғанын атап өтіп, Абай мен Мақтымқұлы туындыларында өзара үндестік пен үйлесім бар екенін айтты.

– Олардың рухани мұрасы екі елдің сан қырлы мәдениетін байытып, барша адамзаттың ортақ құндылығына айналды. Қазақ-түрікмен халықтарының тамыры – бір, тарихы – ортақ. Достығымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі бар. Осы мызғымас құндылықтардың негізінде екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық белсенді дамуда. Мұның бәрі қазақ-түрікмен қағынастарын одан әрі нығайта түсері сөзсіз, – деді Президент.

Сонымен қатар форумда Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Иран Президенті Масуд Пезешкиан, Пәкістан Президенті Асиф Али Зардари, Ресей Президенті Владимир Путин, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Түркия Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Нуман Куртулмуш сөз сөйледі.

ЕСКІ ВОКЗАЛ МАҢАЙЫ АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында вокзал маңындағы аумақты абаттандыру мәселесі туралы айтты.

– Елордамызды құлпырту бойынша ауқымды жұмысты ары қарай жалғастырамыз. Бірер күн бұрын қалада тағы 40-тан астам аула мен қоғамдық кеңістік аштық. Биыл барлығы 170 аула мен қоғамдық аумақты абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Бұл жұмыспен қаланың барлық ауданы қамтылды.

Биыл қаланың вокзал маңындағы бөлігін және іргелес тұрған Біржан сал мен Гете көшелерін абаттандыру жобасын іске асырамыз. Вокзал маңындағы көшелердің жалпы ұзындығы – 1,5 км. Сондай-ақ, мұнда 5 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланып отыр: Жастар театрының алдындағы

алаң, Ақжайық қонақ үйінің алдындағы аумақ, «Хлебник» наубайханасының алдындағы алаң, Чемодандар паркі және «Паровоз» гүлзары.

Қаланың тарихи бөлігінің тұжырымдамасы аясында абаттандырудың классикалық стилі қолданылады, оның ішінде жарықтандыру тіректерін, көше жиназдарын орнату, жасыл желектерді кешенді отырғызу және т.б.

Мәселен, қаланың тарихи көшелерін реконструкциялау жобасы аясында жалпы абаттандыру алаңы 17 мың шаршы метрден асады, – деді қала әкімі.

Сонымен қатар ол көгалдандыруға ерекше назар аударылғанын жеткізді.

– Қолданыстағы жасыл желектің бәрі сақталды және қосымша 200-ден астам жаңа ағаш отырғызылды, оның ішінде тал, үйеңкі, қарағай, көпжылдық бұта және т.б. бар. Оларды күту үшін жергілікті суару жүйесі жүргізілді.

Мысалы, «Жастар» театрының алдында жаңа субұрқақ кешені орнатылады. Сол сияқты шағын сәулет нысандарын, үстел ойындарына арналған орындарды, ойын-сауыққа арналған арт-нысандарды, эткеншектер мен шезлонгтар орнату және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша егжей-тегжейлі ұсыныстар енгізілді. Іс-шара барысында белсенді пікірталас өтіп, қатысушылар күнделікті тәжірибедегі инновациялық әдістер бойынша тәжірибе алмасты.

Елордалық А.Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылыққа байланысты шұғыл жиын өтті. Оған мемлекеттік білім беру және спорттық ұйымдардың директорлары, педагогтарымен бірге, құқық қорғау саласының қызметкерлері қатысты.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА



Индира БЕРЖАНОВА

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Алдын алу шараларының тиісті деңгейде жүргізілуіне қарамастан жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс азаяр емес. Бұл туралы жиын барысында Астана қаласының Полиция департаментінің бірінші орынбасары Эльдар Данияров атап өтті.

– Жыл басынан бері 186 көмелетке толмағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Оның 110-ы – оқушылар. 190 жасөспірім қылмыстың құрбанына айналды. Сондай-ақ қоғамда құмар ойындарға тәуелділік мәселесі өзекті, лудомания салдарынан депрессия, суицид және ауыр қылмыстар тіркеліп жатады. Алдын алу іс-шаралары жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Ал соңғы аптада колледж және мектеп оқушыларының қатысуымен жаппай төбелестің жиілеп кеткен жағдайларын ескере отырып, қауіпсіз және салауатты қоғам құру

мақсатында жастармен жұмыста бірлескен іс-қимылдарды күшейтудің аса қажеттілігі бар, – деді қалалық Полиция департаментінің орынбасары Қуаныш Орынбетов.

Аталған мәселенің маңызын сондай-ақ елорданың Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит, қалалық Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Асима Бимендина, Астана қаласы Прокуратурасының көмелетке толмағандар істері жөніндегі аға көмекшісі Әйгерім Өмірзақова сөз етті.

«Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық мәселесіне мектеп пен ата-ана бірге жұмылуы қажет. Бүгінде түнгі уақытта да жүретін оқушылар мен көмелетке толмаған колледж студенттері көп. Яғни ата-аналар тарапынан тәрбие жұмысы кемшін екенін көреміз. Бақылауды күшейту қажет. Білім беру тәрбиенен қатар жүреді» деді Астана қаласының Білім басқармасы басшысы Қасымхан Сенғазыев.

Жиында көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың жай-күйі, жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы, көмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары мен қылмыстарының алдын алу қызметінің негізгі бағыттары талқыланды.

КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс жүйесі – ұйымдардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың неғұрлым пәрменді құралдарының бірі. Дегенмен, осы күрделі және кешенді институттың құрылымы ұзақ әрі дәйекті енгізуді талап етеді.

Осы орайда Астана қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясымен бірлесіп компаенс-қызметтерді әдістемелік қолдауға бағытталған семинар өткізді. Іс-шараға аумақтық және орталық квазимемлекеттік құрылымдардың 100-ден астам мамандары, сондай-ақ Zoom-конферен-

ция арқылы аталған бөлімшелердің басшылары қатысты. Спикерлер ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ Компаенс қызметінің басшысы, Компаенс және іскерлік этика қауымдастығының сарапшылар кеңесінің мүшелері, ІСА сертифицирталған маманы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс саласындағы басқа да мамандар мен сарапшылар сөз сөйледі. Семинар бағдар-

ламасына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау, бақылау рәсімдерін енгізу, контрагенттерді тексеру, мүдделер қақтығыстарын реттеу және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша егжей-тегжейлі ұсыныстар енгізілді. Іс-шара барысында белсенді пікірталас өтіп, қатысушылар күнделікті тәжірибедегі инновациялық әдістер бойынша тәжірибе алмасты.

№122 (4710) 12/10/2024 Сенбі



ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ПРИНЦИПТЕРІ СӨЗ БОЛДЫ

Астана қаласының Қазақстан халқы ассамблеясы «Достық үйінде» мемлекеттік қызметшілер үшін екі күндік семинар-тренинг ұйымдастырды. Іс-шара Мемлекет басшысының XXXIII сессияда берген тапсырмаларына сәйкес өтіп отыр.

Семинар қазақстандық бірегейлікті, этностық келісімді нығайту және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында өтеді. Қатысушыларға мемлекеттік органдар мен қоғам арасында қақтығыстарды бейбіт түрде шешу үшін қалай өзара әрекеттесуге болатыны туралы ақпарат беріледі. Лекцияларды тәжірибелі медиаторлар өткізеді.

Республикалық медиаторлар кеңесінің төрағасы, Астана қаласындағы өзбек этномәдени бірлестігінің бас-

шысы, халықаралық деңгейдегі кәсіби тренер-медиатор Шерзод Пулатов атап өткендей, бұл семинар мемлекеттік қызметшілерге арналған мемлекеттік саясаттың этносаралық келісім саласындағы принциптерін жүзеге асыруды үйретуге бағытталған. Ол халықаралық қатынастар мен қоғамдық тұрақтылықтың кез келген мемлекеттің дамуы үшін маңызды екенін, ал Қазақстанда бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті.

Сондай-ақ спикер Мәдениет және

ақпарат министрлігі жанындағы халықаралық қатынастар комитеті сияқты мемлекеттік құрылымдардың халық достығы мен бірлігін сақтауына қосқан үлесін көрсетті.

Ол осы саладағы жұмыстардың нәтижесі экономикалық өсу мен азаматтар арасындағы оң қарым-қатынастарда көрініс тапқанын айтты. Ш.Пулатов ассамблея мен жастар ұйымдары арқылы осы құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізудің маңызды міндетінің бірі екенін атап өтті.

Семинар аясында мемлекеттік қызметшілер этносаралық қақтығыстарды практикалық түрде шешуді үйреніп, мамандар ұсынған нақты жағдайларды талқылады. Жобаны жыл сайын өткізу жоспарланып отыр.

ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ДӘРІШТЕЛДІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жоғары колледжінде «Халық қаһарманы» Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай «Рухы биік хас батыр» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өтті. Оған университеттегі әскери кафедраның оқытушылары, Рейхстагқа жеңіс туын тіккен батырдың өмір жолын зерттеген студенттер, мамандар мен журналистер қатысты.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әскери кафедрасының бастығы, генерал-майор Еділ Оразов конференцияға қатысушыларға арнап құттықтау сөз сөйледі.

– Бұл жыл – Қарулы күштер үшін де, жалпы ел үшін де айтулы жыл. Мамыр айында біз Кеңес Одағының Батыры, «Халық қаһарманы», армияның тұңғыш Қорғаныс министрі, генерал

Сағадат Нұрмағамбетовтің мерейтойын атап өттік. Енді біз «Халық қаһарманы» Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған конференция өткізіп жатырмыз. Жиын жылдар бойы Рахымжан Қошқарбаевтың жауынгерлік жолын зерттегендердің баяндамасымен қызық. Жастар батырларымыздың ерлігі туралы білуі және ол жайлы естелікті ұрпақтан-ұр-

паққа жеткізуі қажет, – деп атап өтті Е.Оразов.

Көп жыл бойы Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігі мойындалмады. 1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыста көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін ҚР Президентінің Жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы оған 1999 жылы қайтыс болғаннан кейін ғана берілді.

– Біз Рахымжан Қошқарбаевтың қандай қиындықтар мен сынақтардан өткенін білдік. Университеттің әскери кафедрасында оқып, әскери журналист мамандығын алып шығамын. Құрдастарыма Рахымжан Қошқарбаев сынды тарихи тұлғалардың мұрасын зерттеуге кеңес беремін. Біз үшін ол – батылдық пен төзімділіктің үлгісі. Одан үлгі-өнеге алу керек, – деді әскери кафедраның 2-курс студенті Ерасыл Срайылов.

Конференцияда Рахымжан Қошқарбаевтың өмір жолы, соғыс жылдары және оның бейбіт уақыттағы қызметі туралы баяндамалар тыңдалды. Ол туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Жанболат Аубаев өз естелігін айтты. Батырдың немересі Дәурен Қошқарбаев сөз сөйледі. Іс-шараға арнайы тақырыптық фотокөрме дайындалды.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ



ДЕНСАУЛЫҚ ФЛЕШМОБЫ

Нұра ауданының әкімдігі Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасымен бірлесіп, Халықаралық қарттар күніне орай зейнеткерлерге арналған «Денсаулық флешмобын» өткізді.



«Мереке паркі» алаңында өткен иті іс-шарада ардагерлер мен зейнеткерлер, оның ішінде ардагерлер кеңесінің мүшелері кәсіби нұсқаушының жетекшілігімен фитнеспен айналысты.

Ұйымдастырушылар флешмобын басты мақсаты ардагерлерге қуанышты көңіл күй сыйлау екенін айтады.

«Нұра ауданында қарттардың бос уақытын ұйымдастыру жүйелі түрде жүргізіледі. Мәселен, Ар-

дагерлер кеңесі мен Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы зейнеткерлердің бос уақытын жоспарлап, ұйымдастырып отыр. Олардың күш-жігерінің арқасында 60-80 жас аралығындағы мыңдаған астаналық спортпен шұғылданады, шығармашылық үйірмелерге және таланттылар конкурсына қатысады» деді Нұра ауданы әкімдігі ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы Руслан Сәбитов.

«ТАЗА БЕЙСЕНБІ» ЭКОАКЦИЯСЫ ӨТТІ



Алматы ауданында «Таза бейсенбі» экоакциясы өтті. Экоакцияның мақсаты – қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікті арттыру және табиғатты таза ұстау мәдениетін қалыптастыру.

– Аудандық әкімдік пен Аманат партиясының Астана қалалық филиалымен бірлесіп ұйымдастырылған экоакцияға 30-дан астам адам қатысты. Акция «Отан-ана» монументінің жанындағы саябақта өтті. Мұнда біз күз мезгілінде түскен жапырақтарды жинадық, – деді Алматы ауданы әкімдігі өндіріс-техника бөлімінің бас маманы Нұрберген Нұрмұхамбет.

Акцияға қатысушылар ортақ

байлығымыз – табиғат-ананы қастерлеп, оны таза ұстауды әдетке айналдыруға шақырды.

«Астанамыздағы саябақтардың бірін күзгі жапырақтардан тазалау жұмысына атсалыстым. Қала да, табиғат та, ауа да барлық адамға ортақ қазына. Сондықтан айналамызды таза ұстаған жөн» деді акцияға қатысушы, «Жастар рухы» жастар қанаты елордалық филиалының мүшесі Тұрабек Алханов.

ТАМАҚТАНУ САПАСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Оқу-ағарту министрінің шақыруымен Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова елордалық білім беру ұйымдарының директорларымен кездесті. Ғани Бейсембаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасымен өткен жылдан бастап бірінші рет 1,7 млн оқушы мектептерде тегін тамақтандырылды.

Бұған дейін министрлік білім беру ұйымдарындағы балалардың тамақтану стандартын қайта қарау бойынша жұмыс жүргізген болатын. Ас мәзірін өңірлерде өндірілген отандық өнімдерді пайдалана отырып әзірлеу туралы норма ен-

гізілді. Сонымен қатар өңірлерде бракераждық комиссиялар құрылды, олардың құрамына ата-аналар, қоғам белсенділері, сондай-ақ мектеп әкімшілігі мен медицина қызметкерлері ене алады. Бракераждық комиссиялардың мониторинг

топтарының қызмет тәртібі туралы заңнамалық нормалар белгіленді. Министр санитарлық-эпидемиологиялық шаралар мен кейбір нормативті-құқықтық актілерді қайта қарау мәселесіне тоқталды. Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен

балалардың денсаулығын нығайту бойынша бірлескен жоба аясында келесі жылдан бастап ірі мектептерде стоматология кабинеттері ашылады.

Сондай-ақ №95 мектеп-лицейі мен №84 «Кәусар» бөбекжай-балабақшасында және Астана қалалық мамандандырылған балалар үйінде болды. Кездесу соңында елордалық мектеп педагогтары Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназароваға балалардың әл-ауқаты мәселесіне қамқорлығы үшін алғысын

білдірді. Естеріңізге сала кетейік, сапалы тамақтануды ұйымдастыру үшін мектеп асханаларына санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына мониторинг жүргізілуде. Ол мектептегі тамақтану қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бұрын орын алған келеңсіз жағдайларға жол бермеу шараларын күшейтуге бағытталған. Еліміз бойынша облыстық басқармалар мен аудандық білім бөлімдерінің жанынан барлығы 222 ведомствоаралық сараптамалық топ құрылды.

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАНДАЙ?



2024 жылғы 20 қыркүйектен бастап Астана қаласының аумағында тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды жинау мен сақтаудың орталықтандырылған жүйесін толтыру мақсатында тұрғын үй қорына түгендеу жүргізілуде. Осы бағытта жүзеге асырылған іс-шаралар барысы туралы «Өркен қала» ЖШС директорының орынбасары Гүлвира ӘБЕТОВА пікір білдірді.



Гүлбаршын ӘКЕШҚЫЗЫ

– Астанада кондоминиум нысандарын түгендеу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Алдымен осы бағытта жүзеге асырылған іс-шаралар туралы әңгімелесейі. Бүгінге дейін не істелінді, қандай кемшіліктер немесе заң бұзушылықтар анықталды?

– Біріншіден, бұл мәселе «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңда 2023 жылдан бастап қабылданғанын айта кету керек. Объектіні тексеру актісіне және актіге түгендеу тізбесіне сәйкес жыл сайын деректерді ұсыну кондоминиум объектілерін басқару және күтіп ұстау жөніндегі қағидаларда көзделген. Бұл норманы көппәтерлі тұрғын үйлерде бекітілген басқару нысандарының басшылары жүзеге асырады. Сондай-ақ аталған пункттер тұрғын үй инспекцияларының тексеру парағында қарастырылған, деректер жыл сайын жаңартылып отыруы тиіс.

Қазіргі таңда Заңның баптары мен тармақтарын орындау бойынша көп жұмыс жүргізілді, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар тұрақты негізде міндетті талаптарды түсіндіру және орындау бойынша жауаптар беріп отырады. Тұрғындарға түсіндіру мақсатында жыл басынан бері тұрғын үй орталығының аумағында кездесулер, оның ішінде мастер-класс форматында отырыстар өткізілді. Деректерді жинайтын бақылаушыларды және түгендеу бөлімінің мамандарын оқыту бойынша жұмыс жүргізілуде. Мүлік иелерінің төрағаларына телефон және what's app мессенджерлері арқылы кеңес беріледі. Сондай-ақ үйді басқару саласында бұған дейін тәжірибесі жоқ төрағалар үшін қызметтің ерекшелігі және объективті себептерге байланысты жұмыс барысында кездесетін кейбір жайттар туралы, мысалы, үйлер жайында деректердің жоғалып кетуі мүмкін екені және т.б. түсіндіріледі. Негізінен, нысан басшылары күнделікті кездесетін фактілерді, тұрғын үйдің жай-күйін, сапалық си-

паттамасы мен санын біліп отыруы керек. Жұмыс барысында кейде техникалық білімі жоқ төрағалар да кездесіп жатады. Оларға тәжірибесі мол қызмет мамандары жөн көрсетіп, деректерді жинауға және құжаттарды толтыруға көмектесіп отырады.

– Айтқыңызшы, сонда бүгінгі таңда қанша нысан толық түгендеуден өтті?

– Бүгінде 100-ден астам нысан толық немесе ішінара түгендеуден өтті. Анықталған кемшіліктердің ішінде ортақ мүліктің үй-жайларын мақсатсыз пайдалану, мысалы, үйдің электр қалқынында тамақ ішу және заттарды кептіру не жылу пункттерінде тұрмыстық заттардың орын алуы кездесті. Мәселен, Алматы ауданы бойынша бір үйде ПИК төрағасы ортақ мүлікті тізімдеу кезінде үйдің бір алаңы заңсыз пайдаланылғаны анықтады. Ол жерде электр сымдарының заңсыз қосылыстары табылды.

Жалпы, тұрғын үйді басқару саласында жұмыс істеудің басты қиындығы сол, тұрғындардың кейбірі деректерді беруден немесе ақпарат айтудан бас тартады. Кейде екеуі де орын алады. Біздіңше, бұл ең алдымен, үйлерде журнал жүргізудің, ведомостардың болмауымен байланысты деп ойлаймыз. Қаладағы кез келген ғимаратты пайдалану кезінде оны дұрыс жоспарлау маңызды. Көптеген нысан басшылары үйлердің оларға берілмегенін айтады. Бірақ бұл дұрыс емес,

өйткені үйді басқарушы немесе басқарудың басқа түрі қабылдап алады, көрсетілетін қызмет бойынша қаражат жиналады, яғни объектіге қабылданған факт бойынша қызмет көрсетілуі керек. Көбінесе басқару нысандары мен олардың басшылары негізгі құралдарды теңгерімге қоюды және шығындарды ағымдағы шығындарға дұрыс бөлуді ескере бермейді. Тұрғындар ақша нақты не үшін жұмсалды деген сұрақ туындағанда, басшылар оған тұшымды жауап бере алмай қиналады, өйткені ақша не үшін жиналғаны туралы уақытылы деректер журналына жазып отырмайды.

– Жалпы Астанадағы көппәтерлі тұрғын үйлердің қазіргі жағдайы қандай?

– Елордадағы көппәтерлі тұрғын үйлер қанағаттанарлық жағдайда. Негізінен, барлық үйлер жарықпен, сумен, жылумен қамтамасыз етілген, санитарлық нормалар сақталған. Бірақ ғимараттарды техникалық пайдалану саласында жұмыс істеудің басты сүйенетін болсақ, онда көп үйлерде өртке қарсы жүйелер жоқтың қасы немесе жүйе дұрыс жұмыс істемейді. Өкінішке қарай, қаладағы нысандардың ішінде энергетикалық төлқұжаттары бар ғимараттар аз. Көбінесе төрағалардың өздері резервтік жабдықтың жоқтығын айтады.

Кондоминиум объектілері бақылауда және тұрақты есепте болуға тиіс, өйткені бұл бірінші кезекте қала тұрғындарының

жайлы өмір сүруі үшін және олардың санитарлық талаптарға сай болуы үшін аса қажет.

– Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қорытынды деректерді жаңарту жылына бір рет жүзеге асырыла ма?

– Иә, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қорытынды мәліметтерді жаңарту және растау жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Түгендеу тізбесі мен кондоминиум объектісін қарау актісі негізінде МИБ/ПИК төрағасы немесе басқару жөніндегі сенім білдірілген адамдар, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың басқарушылары не барлық меншік иелері тікелей бірлескен басқару кезінде кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындардың жылдық сметасын және бекітілген әдістемеге сәйкес тұрақ орындарын, қоймаларды күтіп-ұстауға арналған жылдық сметаны жасайды, шығындар уында шығыстардың мөлшерін анықтайды. Сондай-ақ барлық құжаттар негізінде меншік иелеріне ай сайын есеп беру керек.

Жыл сайынғы сметаны жасау және бекіту талаптары, акт және инвентарлық тізім бойынша жүргізіледі, өйткені бұл туралы мәліметтер ауыстыру, жөндеу

жұмыстарының жүргізілуіне және қайта жоспарлаудың жүзеге асырылуына байланысты өзгеріп отырады. Деректер мен оларды есепке алу апатты тұрғын үйдің өсуіне жол бермеу үшін маңызды.

МИБ/ПИК төрағасы немесе сенім білдірілген адамдар не басқарушы не пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық меншік иелері есепке алуды жүргізуі тиіс және тұрғын үй заңнамасында көзделген мәліметтерді, атап айтсақ, жылу маусымына дайындығы туралы ақпаратты есеп түрінде мемлекеттік органдарға не ведомстволық бағынысты құрылымдарға беріп отыруы қажет. Сондай-ақ бізде 2023-2029 жылдарға арналған ТКШ-ны дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен тұжырымдамалары қабылданды. Соның негізінде инженерлік жүйелерді, ғимараттардың қасбеттерін, шатырларды уақтылы жаңартуды дұрыс жоспарлап, бірыңғай сәулеттік келбетті сақтауымыз және жайлы орта құруды жалғастыруымыз керек.

– Көппәтерлі тұрғын үйлерде лифтілер есепке алынбай пайдаланылады, ал лифт паспорттары кондоминиум объектісін басқару органына берілмейді. Мұндай жағдайларда не істеу керек?

– Үйлердегі жолаушылар лифтері қауіпсіз және жайлы болуы керек. Бұл ретте мен адамның өмірімен байланысты барлық нәрсе ерекше бақылауда болуы керек деп санаймын. Оларға өртке қарсы жүйелер жатады.

Бүгінгі күні төлқұжаттар лифт қызмет көрсететін компанияда немесе төрағада сақталады немесе үйді беру кезінде құрылыс компаниясы оларды беруді ұмытып кетеді. Нысандарда қабылдау-тапсыру актілерін, техникалық құжаттаманы және қаржылық бастапқы құжаттаманы толтыру мен жүргізуге көпшілік жіті мән бермейді. Қалай болғанда да, үйді қабылдау-тапсыру кезінде мемлекеттік органдармен, жобалық компаниялармен және басқалармен хат алмасудан бастап не істелгені туралы факт қоса берілуі керек. Кейде үй басшылары салынған жылдың деректері жоқ екенін айтады,

бірақ бұл деректер әрқашан пәтердің техникалық паспорттыңда болады. Сондықтан тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды жинау мен сақтаудың орталықтандырылған жүйесін толтыру мақсатында тұрғын үй қорына түгендеуді жүргізу және жүйелерге енгізу үшін барлық ақпаратты қалпына келтіру қажет.

2024 жылғы 26 қыркүйек пен 04 қазан аралығында «Астана қаласының тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспекторларымен құрылыс салушыға қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізді. Тексеру барысында көппәтерлі тұрғын үйлерде лифтілер есепке алынбай пайдаланылатыны, лифт паспорттары кондоминиум объектісін басқару органына берілмегені анықталды. Тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік айыппұл салынды.

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес лифтілер орнатылып болғаннан кейін басқармада есепке қойылады. Лифтілерді есепке алмай пайдалануға тыйым салынады.

– Елордада «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акциясы аясында «Таза Astana» әлеуметтік жобасы басталды. Жобаның ережелеріне сәйкес экологиялық комиссия тұрғын үйлерді тексеруді жүргізіп жатыр емес пе?

– Дұрыс айтасыз, елордада басталған «Таза Astana» әлеуметтік жобасы қаладағы тұрғын үй маңын абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалау, аулада тазалық жұмыстарын жүргізу, балалар алаңдарының тозығы жеткен жерлерін жөндеу бойынша жүйелі жұмыс құруға бағытталған. Бұл жұмыстарды кезек-кезеңімен іске асыру аталған аумақтарды пайдалануға, күтіп ұстауға, қызмет көрсетуге сондай-ақ тазартуға жауапты заңды және жеке тұлғалардың жұмысын ретке келтіруге мүмкіндік береді.

Таза Astana жобасы шеңберінде бағалау актісі бойынша МИБ/ПИК/ЖШС басшыларының өтінімі бойынша тоқсан сайын арнайы құрылған экологиялық комиссия қатысушылар үшін номинацияларды айқындайтын болады. Комиссия мүшелерінің қатарында біздің қаланың тазалығына бейжай қарамайтын тұрғындарымыз, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйымдар мен олардың көшбасшылары, аудан әкімдіктерінің өкілдері бар. Олар жобаға қатысу үшін өтінімді алған кезде адамдардың әлеуметтік желілерде айтатын шағымдарын, мысалы, үйді басқару жұмысы туралы ақпараттық тақталар мен құжаттардың жоқтығын, авариялық қызметтердің, учаскелік қызметтердің телефондарының болмауын, жалпы тұрғын үй маңының тазалығын есепке алады. Өйткені кейбір үйлердің кіреберісінен бастап жинақы, таза болғанымен, сыртқы есікті ауыстыру секілді ұсақ-түйектер ескеріле бермейді. Кейбір үйлерде домофон дұрыс жұмыс істемейді. Бізде барлық төрағалар домофон компаниясы домофонға қызмет көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар алдыңғы есікті белгіленген мерзімде жуып, бояуы керек екенін білмейді. Бұл шартта қарастырылған.

Қазір біз әрбір тұрғын өз үйінің жағдайын әзірленген критерийлер бойынша оңай бағалай алатындай етіп, онлайн режимде де жұмыс жүргізіп жатырмыз. Жобаның ережелеріне сәйкес экологиялық комиссия тұрғын үйлерді тексеруді жүргізеді.



Роза Мұқанова еңбек жолын 1987 жылы Мемлекеттік орталық мұрағаттың «Әдебиет және өнер» бөлімінде архивист болып бастаған. Одан кейін 1989 жылы Қазақстан Жазушылар одағының «аударма коллегиясында» аға редактор, 1992 жылы «Жазушы» баспасында аға редактор, 1998 жылы ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде жетекші маман, 2003 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде бас маман, 2007 жылы ҚР Парламент Сенатында бас маман, 2011 жылдан Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры қызметін атқарып келеді.

Роза Мұқанова – әдебиетіміз бен өнеріміздің одан әрі өсіп-өркендеуіне көрнекті қаламгер, белгілі қайраткер ретінде ғана емес, бұл саладағы жас толқынның қалыптасып, биік деңгейде көрінуіне ұстаздық тұрғыдан да үлкен үлес қосқан тұлға.

Зерек те зерделі драматург қаламынан осы уақытқа дейін тақырыбы, жанры, көркемдік-идеялық мазмұны әрқилы өрілген «Мәңгілік бала бейне», «Қаралы сұлу» (М.Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесі бойынша), «Шатыр астындағы мен», «Муза», «Сен», «Мысықтар патшалығы», «Ешкім де кінәлі емес», «Фариза», «Сарра», «Бопай ханым», т. б. пьесалар туды. Драматург пьесаларының көтерген тақырыптары мен айтатын ойлары терең, қоғамдық-әлеуметтік ауқымды мәселерді көтеругімен ерекшеленеді.


Әрбір пьесасына мол дайындық, нақты да терең ой-тұжырыммен келетін автордың туындылары дәуір тынысын дәл басып, уақыт талабына жауап беретін өзіндік қолтаңбасымен дәлаланады. Оның әрбір пьесасындағы негізгі ой, драмалық мақсат, адам тағдыры шытырман оқиғаға құрылып, шиеленіскен тартыс үстінде суреттеледі. Өмір болмысының әлеуметтік келбетін боямасы беру, қаһармандардың рухани ой-өрісіне үңілу, мінез ерекшеліктерін ашуға ден қою – автор драматургиясына тән сипат. Театр заңдылықтары, сахна талаптары қатаң ескеріп, оның нозік иірімдерін терең сезінетін Роза Мұқанованың пьесалары бүгінгі таңда халқымыздың рухани мұрасына айналып, театр репертуарының алтын қорын байытып отыр.

Роза Мұқанова драматургиясында жеке адам басындағы қақтығыстар қоғамдық үлкен мәселелерге ұштасады. Зергер жазушының басты ерекшелігі адам мінезінің психологиялық табиғатын әлеуметтік өмірмен тығыз байланыстыра алуында жатыр. Ол әсіресе тоғышарларды, мансапқорларды бейнелеуде шынайылықты алдыңғы кезекке қояды.

Қазақтың театр өнері дара тұлғаларға бай екенін ескерсек, олардың әрқайсысы жеке дара зерттеулерге өзек бола алатынына көзіміз жетеді. Талантына табындырған да, тамсандырған да небір өнер сандақтары ұлттық театрымыздың әлемге танылуына мол үлес қосып келеді. Сондай дара тұлғаларымыздың бірі Роза Мұқанованың драмалық шығармалары қазақ театр өнерінің дамуында да ерекше ықпал етіп отыр. Күрделі

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР, ДАРА ДРАМАТУРГ

Халқымыздың дара тұлғаларының бірі, қарымды қаламгер, драматург, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Франц Кафка медалінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың», «Жастар одағы сыйлығының» және Қазақстан Республикасы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Үздік драматург» (2016), «Сахнагер-2019» («Үздік драматург» номинациясы), «Құрмет» орденінің (2023) иегері Роза МҰҚАНОВА есімі бүгінгі таңда республикамызға ғана емес, алыс-жақын шетелдерге де кеңінен таныс.



де қиын драма жанрының жалынан мықтап ұстаған драматургтің пьесалары Қазақстанның бірнеше театрында қойылып келеді. Роза Мұқанова шығармашылығының алтын қазығы, негізгі ұстанған бағыты – күллі адамзатқа ортақ адами мәселелерді көтеру. Сондықтан да көрермен жүрегіне жол тартқан әрбір туындысы өлмейтін өмір, өшпейтін тыныс тауып, уақыт алға жылжыған сайын өзегін жоймай тұр.

Роза Мұқанова тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұрын ешкім батыл бара алмаған тақырыптарды көтерумен дараланды. Оның «Мәңгілік бала бейне» атты әңгімесі – Семей полигоны туралы үлкен мәселелерді қозғаған күрделі шығарма. Тәуелсіздік алғаннан кейін полигонның зардабы ашық айтылып, кейін жабылғанымен де әлі күнге дейін оның халқымызға тигізген кесепаты жойылған жоқ. Шығыс Қазақстанның 19 млн гектар жері 40 жыл бойы ядролық сынақтың нысанына айналды. Қасиетті Семей өңірінде жүргізілген бұл сынақ қаншама адамның тағдырын басқа арнаға бұрып, бүкіл қазақ елінің айықпас жарасы болып қалды.

1989 жылы қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов құрған «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының фотожурмесінде Роза Мұқанова Ендіктің суретін көріп, кішкентай қыздың жанарынан шексіз қасірет, қою мұңды сезінеді. Ендік Семей полигонының зардабынан мүгедек болып өмірге келген. Ядролық сынақтан соң бойы мен түрі 5-6 жас шамасындағы бүлдіршін күйінде өспей қалған. Суреттің астындағы жазуда «Ендік – 14 жаста» деген сөзді оқыған Роза Мұқанова терең ойға беріледі. Ядролық бомбаның кесепаты, экология мәселесі жазушы жанын қоярға жер тапқызбай, бір деммен «Мәңгілік бала бейне» әңгімесін жазып шыққан еді.

Жазушы суреттегі Ендікті басты кейіпкер етіп алып, оған Ләйлә деп есім қойып, қиял әлеміндегі қаһарманының жана өміріне жол бастаған. Автор Ләйләнің жеке басындағы тағдырын, қасіретін көре отырып, тек тән жарасын ғана емес, жан дүниесінде болып жатқан арпалыстарды ашып көрсеткен. Жалпы Роза Мұқанованың әңгіме, пьеса, басқа да кез келген шығармалары қоғамдағы күрделі мәселелерді көтеріп, оқырмандағын терең ойдың қатпарла-

рына сүңгітіп, адам жанын тербейтін жазушы екенін көрсетіп келеді.

Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесін арнайы іздеп жүріп оқыған белгілі режиссер Болат Атабаев: «Роза, сен бұл әңгімені драма театрына арнап жаз» дейді. Әрине, автор бұған бірден келісім бермеген, себебі жазушы мен драматургтің айырмашылығы жер мен көктей. Майталман жазушылардың өзі драматургия әлеміне бара бермейді. Өйткені драманың өз заңдылығы мен теориясы бар. Осындай күрмеуі қиын күрделі жанрға жүрексіне қадам басқан Роза Мұқанова біртіндеп драматургиялық шеберлігін арттыра берді. Аталған жанрға жатынбай кірісіп кетіп, «мені драматургияға әкелген – режиссерім Болат Атабаев» деп іттипатпен айтып отырады. Бұл жерде ескертін бір жайт: ізденімпаз режиссер спектакль дайындақтарына драматургті шақырып, онымен бірлесіп отырып пьесаны талдап, театр сахнасының қыр-сырын түсіндіруден көп ұтты. Екі үлкен тұлғаның тандемінен туған шығармашылық үрдісті ерекше айта кеткен орынды. Мұндай байланыс бүгінгі режиссерлерімізге жетпей жатқаны жасырын емес.

Әдеби шығармадан қайталанбас сахналық туынды жасау, айналып келгенде, режиссердің шеберлігіне, ой-қиялының жүйріктігіне, таным шеберінің кеңдігіне байланысты. Уақыт ағымына қарай өзгеріп отыратын пьесаға деген қайталанбас көзқарас пен таным – режиссураны тың ізденістерге



Роза Мұқанова драматургиясында жеке адам басындағы қақтығыстар қоғамдық үлкен мәселелерге ұштасады. Зергер жазушының басты ерекшелігі адам мінезінің психологиялық табиғатын әлеуметтік өмірмен тығыз байланыстыра алуында жатыр. Ол әсіресе тоғышарларды, мансапқорларды бейнелеуде шынайылықты алдыңғы кезекке қояды

бастайтын құбылыс. Өткенді қайталамай, бұрынғыға ұқсамайтын, сахналық жаңалықтарымен көрерменді спектакльдер осындайдан туатыны хак. Сондай қойылымдардың бірі – театр режиссері Болат Атабаевтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында қойған Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» трагедиясын «Қасіретнама» деп атаған. Бұл – Семей полигонының зардаптары мен адамдардың өмірін ашық түрде астарын терең көрсете алған туынды.

Тәуелсіздігімізді алған соң тарих қойнауындағы жасырынып келген күрделі мәселені қозғаған драматург пен осыны жасқанбай сахналанған режиссердің батылдығын айрықша атап өткен жөн. Саяси мәселелерді сахналаған Болат Атабаев дәл сол жылдары топты жарып, жаңашылықпен көзге түскен режиссер еді. Сөйтіп «Мәңгілік бала бейне» трагедиясын 1996 жылы алғаш рет Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасына Болат Атабаев қойды. Аталған қойылым 18 жылға жуық театр репертуарынан түспей жүрді. М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының «Мәңгілік бала бейне» қойылымы шебер драматург Роза Мұқанова мен талантты режиссер Болат Атабаевтың шығармашылық төлқұжатына айналып, театрға жаңа леп, жаңашылық әкелген бірегей спектакль болып, театр тарихында алтын әріптермен жазылып қалды.

Кинематография саласында 2002 жылы белгілі кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетовтің режиссурасымен «Қызжылаған» киносы да түсіріліп, фестивалдер мен байқаулардың жүлдегері атанып, көрермендер көңілінен шыққан еді. Шәкен Айманов, Абдолла Қарсақбаеван кейінгі буынның үздік өкілі, кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетовтің ұлттық кино өнерін дамытудағы еңбегі баршамызға жақсы мәлім. Ол – өз картиналарында еліміздің тарихындағы ақтандық беттерін киноға айналдырып, үлкен мәселелерді көтерген режиссер. Әрине, киноның да өз өмірі мен тарихы бар. Театр сахнасындағы қойылымның да, фильмінің де әлі күнге дейін маңызы зор.

Бұл шығарманы Астана қаласының Қуыршақ театрында «Мәңгілік бала бейне» деген атпен Құралай Ешмұратова 2018 жылы сахналады. Балаларға арналған

спектакльде басты кейіпкерлер Ләйлә мен Болтайды ағаш қуыршақпен ойнатса, қалған кейіпкерлерді театрдың актерлері жанды пиаңда ауыл адамдарының бейнесін өздері сомдады. Спектакль балалардың өз тарихымызды терең түсінуіне үлкен септігін тигізіп, қоғамдағы мәселелерді қуыршақтарға жан бітіре отырып көрсетті. Театрдың бұл қойылымы балаларды кішкентай кезден бастап қоршаған ортаны полигонының зардаптары мен адамдардың өмірін ашық түрде астарын терең көрсете алған туынды.

Бүгінгі таңда республикамызда музыкалық, драмалық, қуыршақ, мюзикл, балалар театрлары жұмыс істеп жатыр. Бірақ мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы театр осы уақытқа дейін Қазақстанда, тіпті Азияда болмаған. Орта Азиядағы тұңғыш инклюзивті театр Астанада ашылып, «Қанаттылар» деген атау алды. Инклюзивті театрда Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» трагедиясы Абзалбек Максимнің режиссурасымен сахналанды.

Драманың басты кейіпкері Ләйлә бейнесін әуесқой актриса Малика Мұхтарова сомдады. Роза Мұқанованың бұл шығармасы тура Маликаға жазылған сияқты өз орындаушысын тапқан. Ләйләнің айтқан сөздері мен жан тебіреністеріне, қараңғы түнектегі жарық айдай жарқыраған тағдырына алаңдаған көрермендер көз жасын көлдетіп, терең ойға батты. Спектакльге Ләйләнің прототипі Ендік Семейдің қызы болып, Роза Мұқановамен танысып, көрермендермен қауышты.

Қорыта айтқанда, Роза Мұқанова шығармашылығының алтын қазығы, негізгі ұстанған бағыты – күллі адамзатқа ортақ адами мәселелерді көтеру. «Мәңгілік бала бейне» трагедиясы мюзикл театрында қойылуы керек деген пікіріміз бар. Себебі бұл трагедия Қазақстанның барлық театрдың сахналаса, тарих қойнауындағы жасырынып келген халқымыздың трагедиясын көрсетуіне көп септігін тигізеді. Драматургтің бұл туындысы алдағы уақытта әлемдік сахналардан көрінетініне сеніміміз мол.

Нартай ЕСКЕНДРОВ,
театртанушы

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада қазақтың көрнекті ақыны, жазушы Сәбит Дөнентаевтың 130 жылдық мерейтойы аталып өтіп, қайта басылып шыққан «Көркемтай» кітабының тұсаукесері болды.

«КӨРКЕМТАЙ» КӨПКЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Рухани басқосудың тізгінін ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Астана қаласындағы филиалының төрағасы Дәулеткерей Кәпұлы ұстап, әдеби кешті жүргізді. Ал кітаптың тұсаукесер рәсіміне Павлодар облысынан арнайы келген делегация мүшелері, ақынның немерелері мен жиендері қатысты. Сондай-ақ Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Ғалым Жайлыбай, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, сыншы Амангелді Кеңшілікұлы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Бағдат Маматаевтың басшысы Алмаз Мырзахмет сынды азаматтар сөз сөйлеп, ақын мұрасы туралы ой қаузаса, күйші, мәдениеттанушы Қайрат Айтбаев, «Шалқар» радиосының редакторы Сәрсенғали Жүзбаев күй тартып, кештің мерейін асырды.

– Біз қаршадай кезімізден осы «Көркемтай» әңгімесін оқып өстік. Автор жетім баланың тағдырын соншалықты нанымды,



шынайы етіп суреттеген. Бірақ кейінгі кезде осы әңгіме мектеп оқулықтарынан алынып тасталыпты. Бұл, шын мәнінде, жазушыға жасалған қиянат деп білеміз. Негізі, мектеп оқулықтарында «Көркемтай» сияқты шығармалардың болуы балалар санасындағы өмірге деген ынтаны қалыптастырады, көзқарас туындайды. Оны оқыған бала өзінше ой түйіп, бала санасында қорытады да, өмірге басқаша қарай бастайды. Міне, бұл біздің ұлттық тәрбиеміздің де кемшін тұстарын толықтыра түсетін еді. Сондықтан мектеп оқулығына қатысты мәселені соған жауапты адамдардың аса ыждаһатпен қарағаны абзал. Сәбит Дөнентайұлы сияқты жазушылардың классикалық әңгімелерін енгізіп, жас оқырмандарды қалыптастырсақ, ұлт ұпайы арта түсетін еді. Сонымен қатар біз заманның, техниканың дамып жатқанын мойындап, осыған дейін шыққан және енді басылып шығатын кітаптардың цифрлы нұсқасын, яғни электронды және аудио нұсқаларын жинақтап енгізетін бір база немесе сайт ашылуы керек қой деп ойлаймын. Себебі қазір еңкейген шалдан еңбектеген балаға өзін өзіне керекті дүниені қолындағы телефоннан іздейді. Ал таралымы небәрі 500-1000 данамен шыққан кітаптар олардың қолына толық жете бермейді. Сондықтан кітап таратудың аясын кеңейтіп, сондай бір формаға көшіміз керек болашақта. Сонда ғана әркім өзіне керекті тез тауып, оқырманға сұранып тұрған кітаптардың да бағы жанып кетер еді, – деді Амангелді Кеңшілікұлы.

Сәбит Дөнентайұлының өмірі мен шығармашылығын дәріптеген мерейтойлық жиын барысында Дәулеткерей Кәпұлының құрастыруымен «Фолиант» баспасынан қайта басылып шыққан «Көркемтай» жаңа жинағының тұсауы кесілді. Ал ақынның жақын туысқандары мен кешке қатысушылар автордың өмірі мен шығармашылығы туралы естеліктерімен бөлісіп, оның қазақ әдебиетіне қосқан зор үлесі мен ұлттық рухты көтерудегі қызметі жайлы баяндама жасады.

Соңында ақынның шығармашылығына арналған әдеби талқылаулар мен пікір алмасулар өтіп, Сәбит Дөнентаевтың «Көркемтай» әңгімесі қазақ халқының тағдырын, елдің әлеуметтік жағдайын, жетімдер тағдырын терең толғаған шынайы шығарма екені айтылып, кеш қонақтарына кітабы сыйға тартылды. Оның шығармашылығы бүгінгі ұрпаққа рухани азық болып, ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі болып қала бермек.

СӘКЕН ӨМІРІН САБАҚТАДЫ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ әдебиеті негізін қалаушылардың бірі Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына арналған «Сәкен Сейфуллин: халыққа арналған өмір» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

С.Сейфуллин атындағы республикалық қор мен Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейі өтуіне атсалысқан конференцияға Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Егізбаев, Алматы және Қарағанды қалаларынан келген танымал тарихшылар мен әдебиетшілер, зиялы қауым өкілдері, Сәкен Сейфуллиннің ұрпақтары мен жерлестері қатысты.

Салтанатты іс-шарада Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Аманғали Бердалиев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың конференцияны ұйымдастырушыларға жолдаған құттықтауын оқудан бастады. Сонымен қатар Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтау хаттары оқылды.

Сәкенанудың соңғы нүктесі қойылды дегуе әлі ерте. Қазақстан тарихының беттерін ашу процесі жалғасып келе

жатыр. Архивтер толығымен ашылды ма, ғылыми айналымға кірді ме? Сәкен Сейфуллиннің тарихи бағасы оның өмір сүрген заманына сай беріліп, сәкентанудың тарихы мен дәстүрлері үлкен құрметпен бағаланады деп үміт білдіреміз. Өйткені бүгінгі тұрғыдан күрделі дәуірдің оқиғалары мен қайраткерлері туралы пікір айту, сөз саптау асқан жауапкершілікті қажет ететіні сөзсіз, – деді академик Бейбіт Мамраев.

Іс-шарада мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов Сәкен Сейфуллиннің мерейтойын атап өту қазақстандықтардың рухани өмірін арттыруға бағытталғанына тоқталды. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің басқарма төрағасы – ректоры, ҚР ҰҒА академигі Қанат Тіреуов «Сәкен Сейфуллиннің есімі ел тарихында алтын әріппен жазылған. Оның шығармашылығы мен өмір жолын зерттеу келешек ұрпақ үшін маңызды зор» деп атап өтті.

Сонымен қатар Сәкен Сейфуллиннің қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына қосқан үлесі туралы белгілі ғалымдар, өнер иелері, студенттер мен мектеп оқушылары сөз сабақтады.

«НҰРЛЫ ЖҮРЕКТІ» НҰРҒА ТОЛТЫРДЫ

Елордада Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының басшылығы «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында тәрбиеленіп жатқан мүмкіндігі шектеулі балалармен кездесті.

Кездесудің басты мақсаты – ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға жан жылуын сыйлап қана қоймай, мүмкіндігі шектеулі балалардың қажетіне бочча ойынының құралдарын табыстау.

Қайырымдылық акциясы барысында «Нұрлы жүрек» орталығының балалары жиналғандарға «Біз біргеміз» атты концерттік бағдарламасын ұсынды. Мүмкіндігі шектеулі балалар ән айтып, би билеп, тәрбиешілерімен бірге қызық ойындар ойнап, көрермен көңілін бірден баурап алды. Концертке Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ата-әжелері, «Нұрлы жүрек» орталығының қызметкерлері мен балалары көрермен болды.

Концерт соңында орталық директоры Мұхтар Еркетаев балаларға жүрекжарды лебізін білдіріп, қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайтынын баса айтып өтті.

Қайырымдылық іс-шарасының екінші бөлігі спорт алаңында жалғасты. Мүмкіндігі шектеулі балалар бочча

ойынын ойнап, тамаша ойын көрінісін көрсетті. Ойын аяқталғаннан кейін Сарыарқа ауданы бойынша БҰҒСО-нан барған ата-әжелер ақжарма тілегін айтып, жас жеткіншектерге тәтті шоколад таратты.

«Біз, аға буын өкілдері, жастарды өзіміздің үлгі істерімізбен қайырымдылыққа, жанашырлыққа, шынайылыққа тәрбиелеуіміз керек. Бұл қайырымдылық шарасы тек балалар үшін ғана емес, сонымен қатар көмек көрсететіндер үшін де маңызды. Қазіргі уақытта жылы қарым-қатынас пен назарды қажет ететін адамдарды ұмытуға болмайды. Қайырымдылық – халықтың мәдениеті мен тәрбиесінің бейнесі» деп сөзін түйіндеді Сарыарқа ауданы бойынша БҰҒСО-ның басшысы Кенжеболат Бапишев.

Сонымен қатар қайырымдылық іс-шарасына Астана қаласының кәсіпкерлері атсалысты.

Іс-шара 10 қазан – Халықаралық мүгедектер күніне орайластырылған. Елімізде ерекше қажеттіліктері бар адамдар күні – қазан айының екінші жексенбісі.



Астана қаласының мәслихаты Астана қаласы Тексеру комиссиясының мүшесі Лебо Егор Валерьяновичке әкесі

Лебо Валерьян ГЕРМАНОВИЧТИҢ

мезгілсіз өмірден озуына байланысты орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Жақын адамнан айырылу ешкімге оңай соқпайды. Мұндай өзекті өртегін жағдайда сабыр сақтап, бекем болыңыздар. Аман қанша, тағдырдың жазғаны, дәм-тұзының таусылғаны осы болар. Марқұмның топырағы торқа болсын.

ҚАУІПСІЗДІК – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Астана қаласындағы Талғат Бигелдинов атындағы №1 мектеп-лицейде қалалық Білім басқармасы және Полиция департаментінің ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша шұғыл кеңес отырысы өтті.

Индира
БЕРЖАНОВА

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық оқиғалар мен келеңсіз жайттардың алдын алу және болдырмау, педагогтардың, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған отырысқа мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Жиын Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкәнің төрағалығымен өтіп, ол өз сөзінде кейінгі кездері қоғамда байқалып жатқан оқиғалар бала тәрбиесіндегі олқылықтарға, адам түршігерлік цифрларға бейжай қарамай, жасөспірімдер арасындағы келеңсіздіктерді алдын алуға жұмыла кірісу қажет екенін атады.

Іс-шара барысында жасөспірімдермен кездесуде қозғалатын тақырыптар пысықталып, жауапты ведомство мүшелері бекітілді. Бұдан кейін ведомство мүшелері қала бойынша аудандарға бөлініп, 70-ке жуық білім беру ұйымдарының жасөспірімдерімен кездесіп, қылмыстық істі алдын алуға бағытталатын түсіндіру жұмысын жүргізді. Сондай кездесулердің бірі қалалық С.Мауленов атындағы №37 мектеп-лицейде өтті.

– Қоғамдық орындарда жүріс-тұрыс ережелерін сақтап, бейтаныс адамдармен араласпай, үнемі ата-анамен тығыз қарым-қатынасты орнатқан жөн. Әлеуметтік желілерде қандай да бір ақпарат не суретті бөлісерде абай болу маңызды. Оқушылар арасында жәбірлеу, буллинг мәселесі де жоқ емес. Мұндай әрекеттер жәбірленушінің өмірінің соңына дейін



жадында сақталуы мүмкін ауыр психологиялық жарақатқа әкеледі, басқаларға агрессияны тудырады. Қолданастағы заңдарға сәйкес, 16 жасқа толған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Бұл ретте бірқатар ауыр және аса ауыр қылмыстар (кісі өлтіру, зорлау, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, адам ұрлау, тонау, бопсалау, терроризм актісі туралы жалған хабарлау, ауырлататын мән-жайлардағы бұзақылық және т. б.) жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық 14 жастан басталады. Осы қылмыстарды жасағаны үшін санкциялар 5 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қарастырады. Қазіргі уақытта жасөспірімдерге қатысты топтасып төбелесу фактілері бо-

йынша қылмыстық істер қозғалып, тергеу нәтижелері бойынша бұл істер шешім қабылдау үшін сотқа жіберілетініне назар аударғым келеді. Сонымен қатар биыл қылмыс жасаған 6 көмелетке толмаған бала бас бостандығынан айырылды. Көбінесе мектептер мен көшелерде қорқыту бопсалаумен бірге жүреді. Бопсалағаны үшін баптың санкциясы 13 млн теңгеден астам айыппұл түріндегі жазаны не 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді. Осыны ескере отырып, барша жасөспірімді заңға қайшы әрекеттерден сақтандырғым келеді, өйткені заң барлығына ортақ, – деді елордалық Полиция департаменті Алматы ауданы бойынша бастығының бірінші орынбасары Марат Өмірбаев.




ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ

Бас қалада «Бейбітшілік және келісім паркі» атты жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды. Бұл кеңістікте «Жұлдызды аспан» туннелі, «Өмір ағашы» ескерткіші, каскадты сарқырама қарастырылған.

Жобаның негізгі идеясы – орта-адамның жапырақты емен ағашы бар күмбез түрінде жасалған «Өмір ағашы» ескерткіші. Тұжырымдамалық

табиғи-рекреациялық аймақты құру әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне орайластырылған. Саябақ тұжырымдамасы



Қазақстандағы түрлі конфессиялар мен ұлттар арасындағы ынтымақтастықты, достық пен бірлікті білдіреді. Қоғамдық кеңістік Тәуелсіздік даңғылы мен И.Панфилов көшесінің қиылысында, Есіл өзенінің бойында орналасқан. Айта кетсек, жыл басынан бері қала бойынша барлығы 170 қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылды. Жұмыстың басым бөлігі аяқталды.

№ 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Астана қаласы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлауды тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 2-3) тармақшасына, 1-тармағының 4) тармағына, 101-бабының 3-1 және 6-тармақтарына сәйкес және «Мәслихаттан шығып қалған депутаттың орнына сайлауды бір мезгілде өткізу күнін келісу туралы» Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 6 қыркүйектегі №39/47 қаулысы негізінде Астана қаласының сайлау комиссиясы ШЕШТІ:

- № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Астана қаласы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау 2024 жылғы 8 желтоқсанға тағайындалсын.
- Кандидаттарды ұсыну мерзімі 2024 жылғы 11 қазаннан 8 қарашаға дейін, кандидаттарды тіркеу мерзімі 2024 жылғы 13 қарашаға дейін белгіленсін.
- Осы шешімнің қосымшасына сәйкес 2024 жылғы

8 желтоқсанға тағайындалған Астана қаласы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

4. Осы шешім «Astana aqshamy», «Вечерняя Астана» газеттерінде және Астана қаласы сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Астана қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы
Астана қаласы аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Б. Жұмабеков

Ш. Шәріпов

Астана қаласы,
2024 жылғы 11 қазан
№ 35

«Ломбард Нұр Алтыны Астана» ЖШС (090940011412) Астана қ., Конституция көшесі, 14 н. б. 2 мекенжайы бойынша тіркелген, құрылтайшының 10.10.2024 жылғы №2/10 шешіміне сәйкес микроқаржыландыру қызметін өз еркімен тоқтату туралы шешім қабылданды, талап арыздар қабылданды. Астана қаласы, Конституция көшесі, 14 н. б. 2 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай.

№122 (4710) 12/10/2024 Сенбі

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АҚСҰҢҚАРЫ

Астана қаласы Мемлекеттік архивінде Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті.

Іс-шарада елорда архивінің директоры Жангелді Бимолдин, Сәкен Сейфуллин музейінің директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Әбсемет, Астана қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Іргебаев, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі Айнұр Әлиақпарова асқақ рухты ақынның азаматтық қырлары мен шығармашылығы хақында жан-жақты әңгімеледі.

Сәкентануға Есмағамбет Ысмайылов, Қажым Жұмалиев, Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішұлы сынды ғалымдар, қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов, деректанушы Амантай Кәкен үлкен үлес қосқаны, бірақ қазақ тарихында кеңестік кезеңнің ақтаңдақ беттері әлі толық ашылып бітпегені айтылды.

Іс-шара барысында С.Сейфуллин музейінің директоры Марат Әбсемет мемлекет қайраткері С.Сейфуллиннің өмір тарихы мен саяси-қоғамдық іс-әрекеті жайлы құнды құжаттардың көшірмелерін елорда архивінде ақынның жеке архив қорын ашу мақсатында тапсырды.

БЕРДІБЕКТИҢ БИІГІ

Елорданың мәдени мекемелерінде көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған іс-шаралар өтті. Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында ұйымдастырылғаны «Ақиқаттан айнымаған қаламгер» атауын алса, Сәкен Сейфуллин музейіндегісі «Бердібектің биігі» деп аталды.



Кітапханадағы іс-шараға Ғ.Орманов атындағы №7 мектеп-гимназияның Айнұр Мұхтарқызы жетекшілік ететін 6 «А» сыныбының оқушылары қатысты. Балалар жазушының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы баяндап, олеңдерін оқыды. Кітапханашылар жазушының «Аяң», «Ана жүрегі» атты әңгімелері жайында кеңінен баяндап, оқушыларға оқуға кеңес берді.

Оқушылар әйгілі «Менің атым Қожа» повесінен үзінді сахналады.

Кітапханашылар кітап көрмесімен таныстырып, іс-шарада белсенділік танытқан оқырмандарға алғыс хат пен естелік кітаптар тапсырды. Ал музейдегі іс-шараға қаладағы қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімдері жиналып, жазушының мұрасы жайында әңгімеледі. Оның өмір жолына тоқталды.

Бердібек Соқпақбаев та мұғалім болған. Біраз жыл ауыл мектебінде сабақ бергеннен кейін «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Балдырған» журналында, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында жұмыс істеп, Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі әдеби кеңесші болған.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫРАҒЫ

Ұлттық академиялық кітапханада мемлекет және қоғам қайраткері, журналист-ғалым Сайраш Әбішқызының 80 жылдық мерейтойына арналған «Фибратқа толы ғұмыр» атты рухани іс-шара өтті.



Зиялы қауым жиналған іс-шараның басында Сайраш Әбішқызының «Шығармашылық шырағым – бақ жұлдызым» атты кітабының тұсауы кесілді. Журналистика мен білім беру саласында ұшан-теңіз еңбек сіңірген мерейтой иегерін мемлекет және қоғам қайраткерлері Өмірзақ Озғанбаев, Оразгүл Асанғазы мен Дархан Мыңбай құттықтап, Сайраш Әбішқызының өмір жолы, қайраткерлігі мен қаламгерлігі туралы әңгімеледі.

«Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры Дихан Қамзабекұлы мерейгердің журналистика саласындағы орасан еңбегіне тоқталып, мекеме атынан сый-сияпат ұсынды. Журналист-ғалымның мерейтойына туған жерінен арнайы келген жақындары мен әріптестері де жүрекжарды тілектерін жеткізді.

Саналы ғұмырын журналистика саласына арнаған, оның

ішінде «Қазақстан мектебі» журналын ширек ғасырдай басқарған, «Құрмет» орденінің иегері Сайраш Әбішқызы іс-шара соңында «Бүкіл саналы өмірімді шығармашылыққа арнаған адам ретінде өзімді бақытты санаймын. Қолымнан келгенше ұлтыма, халқыма еңбек сіңірдім. Осындай мерейлі шағымда еңбегімді бағалап, жылы лебізін білдіріп жатқан барша жұртқа алғысым шексіз» деп жүрекжарды тілегін айтты.

ШЕКАРАШЫЛАР ШАПАҒАТЫ

Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара ардагерлеріне арнап «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында қайырымдылық іс-шарасы өтті.

Іс-шара барысында әскери қызметкерлер орталықтың қарияларын билетіп, әңгімелесіп, көтеріңкі көңіл күй сыйлап, оларды барынша қуантуға тырысты. Ал ардагерлер тыл департаментінің қызметшілері дайындаған тағамдардан дәм татып, ризашылығын білдірді.

Әскери концерт барысында ансамбль құрамының вокалісі, қызметкер Жұлдызбек Өтешқалиевтің «Ты ждешь, Лизавета», «Виноградная косточка», «Дружба», қызметкер Ғалымбек Жадыраның «Бұлбұл», «Гауһартас» өлеңдері қариялардың көңілінен шығып, өткен күндеріне деген сағынышын басты.

Ардагерлерге алғысын айтып, ұзақ ғұмыр тілеген «Застава



тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, запастағы полковник Жанарбек Мадединов іс-шараның басты мақсаты

қарияларға көңіл бөлу, жылуға зәру қарттардың күлкісі мен бақытты жүзі әскери қызметшілер үшін ең үлкен сыйлық болғанын атап өтті.

АТ СПОРТЫНАН ФЕСТИВАЛЬ БАСТАЛДЫ

«Қазанат» атшабарында Республика күні және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толуына орай ұлттық ат спорты фестивалі аясында бәйге жарыстары және көкпардан ересектер арасында солтүстік аймақтың шабандоздарына арналған республикалық турнирдің алғашқы жарыс күні басталды.

Ұлттық спортты дамыту арқылы салауатты өмір салтын насихаттау және көкпардан үздік спортшыларды анықтау мақсатында өтетін турнирге 7 команда тіркелді. Жеребе қорытындысы бойынша А тобына Астана қаласы, Павлодар, Ақмола облыстары, Қарағанды қаласы түссе, Б тобында Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы өзара кездеседі. Бүгін топтық ойындар өтсе, ертең жүлдегерлер белгілі болады.

Көкпар ойынында жүлделі 6 орын болады. Көкпар турнирінің жалпы

жүлде қоры – 12 миллион теңге. Ал фестиваль аясында бүгін бәйге түрлерінен сайыстар да өтеді. Яғни құнан бәйге, жорға жарыс, топ бәйге, аламан бәйге ұйымдастырылады.

«Ұлттық спорттан онтүстік өңірдің көшбасшы екенінен барлығы хабардар. Өткен айда елімізде алғаш рет өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары бұл сөзіме айқын дәлел. Осы орайда еліміздің солтүстік өңірінде ұлттық спортқа ден қойғандарды да жігерлендіріп, алға жылжытуымызға осындай жарыстар жақсы әсерін тигізбек» деді

Астана қаласы бойынша «Бәйге» федерациясының төрешісі Гүлнәр Базарханова.

Оның айтуынша, бәйге бойынша бүгінде онлайн түрде 56 ат тіркелген. Бұл тізім әлі де толығы мүмкін. Оның ішінде аламан бәйгеге – 14, құнан бәйгеге – 14, топ бәйгеге – 20, жорға жарысқа 8 ат тіркелді. Бәйге жарыстарының жалпы жүлде қоры – 20 миллион теңге. Соның ішінде аламан бәйге ғана 5 орынға дейін жеңімпаздарды анықтайды. Қалған бәйге түрлеріне 3 орын ғана үлестіріледі.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqrarat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №122

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА